

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын
орналастыру туралы конкурсының
ХАТТАМАСЫ**

Шу ауданының білім бөлімі КММ-сі
Төле би ауылы, Егемберді көшесі, 2А үй

10.12.2025 жыл сағат 12-00

Конкурстық комиссияның құрамы:

Ж.Жазыкбаев – аудандық білім бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы.

Комиссия мүшелері:

Б.Досмаилова – Шу ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық
бөлімшесінің басшысы;

А.Наушабекова – Шу ауданының білім бөлімінің бас есепшісі;

Б.Ниязбеков – «АМАНАТ» партиясы Шу аудандық филиалының төрағасы;

Р.Иса – Жамбыл облысы кәсіпкерлер Палатасының Шу аудандағы
филиалының директоры;

А.Бекмурзина – Жамбыл облысы Шу аудандық мәслихатының депутаты;

Ә.Оразалы – білім бөлімінің бас үнемдеуші;

Б.Қуандықов – білім бөлімінің заңгері – комиссия хатшысы.

Қатысқаны: Б.Досмаиловадан басқа барлық комиссия мүшелелері

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы:

Отырыста комиссия хатшысы барлық түскен конкурсқа құжаттарын комиссияға ұсынып, конкурсқа түскен үміткерлерін конверттерін комиссия ашып, аталған конверттер мөрі басылған және жабық тұрғаны анықталды. Комиссия көзінше конверттер ашылып, тігілгені және нөмірленгені туралы комиссия хатшысы, комиссияға ұсынған.

Отырысты білім бөлімінің басшысы Ж.Жазыкбаев ашты. Сөзінде ең бірінші басты назарда «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығы және «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы қағидасын басшылыққа алатынын атап көрсетті.

Көрсетілген мерзім бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы конкурста инклюзивтік балабақша ашуға 1 өтініш түсті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы конкурста түскен мектепке дейінгі мекеме:

1. 50 орынға, Шу ауданы, Шу қаласы, Д.Қонаев көшесі 17 Б-да орналасқан, ЖШС «Нұр-Ай Береке» бөбекжай-бақшасы.

Жоғарыда аталған жекеменшік балабақшаның конвертін комиссия мүшелері ашып, құжаттарын тексерді.

Балабақшалардың конкурста қатысуға ұсынылған өтінімдері:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) мектепке дейінгі ұйым басшысының қолымен және мөрімен расталған бейнебақылау камераларының, дабыл түймешесінің және дауыстық хабарландырудың бар болуы жөнінде ақпарат;
- 3) Санитариялық қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді (сыйымдылығы үш топқа дейін болған кезде) медициналық қамтамасыз етуді жүзеге асыруға арналған бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету аумақтық ұйымымен шарт;
- 4) штаттық кестенің және педагогикалық немесе бейіндік білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білім туралы құжаттарының көшірмелері;
- 5) ғимаратты/үй-жайды жалдау шартының көшірмесі (бар болса).

Осы Қағидалардың 14, 30 және 31-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Комиссия мемлекеттік электрондық ақпараттық жүйелер ("электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы www.egov.kz, www.elicense.kz) арқылы мынадай құжаттардың барын және жарамдылығын тексеруді жүзеге асырып төмендегі құжаттарды тексерді:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заң) сәйкес мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламалар;

2) медициналық көмек көрсетуге (медициналық қызмет көрсету) шарт болмаған кезде медициналық қызметке лицензиялар;

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктер, жылжымайтын мүлікке (жалға алынған) құқықты белгілеуші және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар;

4) "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы № 29/ке бұйрығына (Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының нормативтік құқықтық актілерді тіркеу № 28566 тізілімінде болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымның санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігі туралы санитариялық-

эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі-санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды);

5) Конкурса құжаттарды тапсырғанға дейін бір айдан аспайтын мерзімде мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін есеп бойынша берешегінің жоқ (бар) екені туралы мәліметтер.

Сонымен қатар комиссия жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығында "Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 381 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 485 бұйрығына және «Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 372 бұйрығына сәйкес құжаттарын толығымен қарап, конкурстық комиссия мүшелері құжаттарын ұсынған бөбекжай-бақшаның конкурстық құжаттамаларын аталған бұйрықтарына сәйкестігін қарай отырып, ашық дауыс беру жолымен **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 50 орынға, Шу ауданы, Шу қаласы, Д.Қонаев көшесі 17 Б-да орналасқан, ЖШС «Нұр-Ай-Береке» бөбекжай-бақшасы.

Аталған бөбекжай-бақшасының құжаттарын қарай келе, комиссия бір даустан қолдап, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру тізбесіне енгізуге туралы шешім етті.

Комиссия төрағасы  **Ж.Жазыкбаев**

Комиссия хатшы  **Б.Куандыков**